4. өлшеу (масштабты) түсіру
5. репродукциялық түсіру

102. Ашық алаңда болған оқиғаны міндетті түрде түсіру керек:

1. бағдарлап
2. жалпы шолып
3. түйінді
4. детальды
5. түсірудің барлық түрін қолдану керек

103. Суретке түсіру нүктесінен жақын ара қашықтықта ұзыннан - ұзақ созыла орналасқан объектілерді суретке түсіру үшін қандай әдіс қолданылады?

1. сызықты - панорамалық
2. стереоскопиялық
3. шолып түсіру
4. түсіру әдісін таңдау түсіру нүктесінің ара қашықтығына байланысты емес
5. бағдарлап түсіру

104. Тергеу әрекеттерінің нәтижелері мен барысын суретке түсіру кезіндегі түсіріп алынған фотосуреттерді процесуалдық - құқықтық табиғаты не болып табылады?

1. фотоқұжаттар
2. жазбақұжаттар
3. айғақтық заттар
4. тергеу әрекетінің хаттамасындағы қосымшалар
5. бағдарламалық мәліметтер

105. Фотообъектив негізін сипауттаушыға не жатады ?

1. жарық сезгіштік
2. шешушілік қабілеттілік
3. жарық күші
4. түстердің қарама - қайшылығы (контрастность)
5. сенсублизация

106. Фотосуреттердегі бейнеленетін объектілерді көлемді түрде қабылдауға мүмкіндік беретін фотоға түсіру әдісі қалай аталады?

1. масштабты
2. репродукциялық
3. стереоскопиялық
4. панорамалық
5. микротүсірілім

107. Бір нүктеден түсірілген панорама аталады:

1. сызықтық
2. көлденең (продольная)
3. шеңберлі
4. горизонталды
5. доға тәріздес

108. Фотообъективтің диафрагмасы - бұл:

1. объектіні дәл көрсетуге көздеу

2. объективтің жарығын өзгерту
3. бейнелеу бұрышын өзгерту
4. бейнелеу кеңістігін өзгерту
5. фотопенкаға сәуленің әсерін тигізу

109. Мәйіттің мойнындағы странгуляциялық сайды қандай әдіспен түсіру керек?

1. танытуға көрсету (сигналитикалық) суретпен
2. өлшеп түсіру
3. детальды өлшеп түсіру
4. репродукциялық түсіру
5. панорамалық түсіру

110. Құжатсыз табылған мәйітті міндетті түрде қандай әдіспен түсіру керек?

1. танытуға көрсету әдісімен
2. түйінді түсіру
3. жалпы шолып түсіру
4. масштабты түсіру
5. бағдарлап түсіру

111. Анықталмаған тұлғаның мәйітін қарау кезінде суретке түсірудің қандай әдісі қолданылады?

1. жалпы шолып түсіру
2. сызықты панорамалық түсіру
3. сигналитикалық түсіру
4. түйінді түсіру
5. бөлшектеп түсіру

112. Заттай дәлелдемелерді жан - жақтағы объектілермен бірге түсіру аталады:

1. бағдарлап түсіру
2. жалпы шолып түсіру
3. түйінді түсіру
4. детальды түсіру
5. масштабты түсіру

113. Оқиға болған жерде бағдарлап түсіру – бұл:

1. сот - зерттеу фотографиясының әдісі
2. қылмыстық тіркеудің әдісі
3. сот - тергеу фотографиясының әдісі
4. сот - тергеу фотографиясының түрі
5. трасологияның әдісі

114. Іздерді қалдыру механизмі бойынша классификациялау түрін атаңыз?

1. локальді
2. статикалық
3. беткі қабатты
4. перифериялық
5. абсорбациялық

115. Із қалдырушы объектінің анықтамасын беріңіз:

1. сыртқы бейнені қабылдайтын объект
2. із қабылдайтын объект
3. өз бейнесін қалдыратын объект

4. басқа объектімен қатынасқа түсетін объект
5. іздің пайда болуына себепші болатын объект

116. Із қабылдаушы объектінің бұзылуға ұшырауы салдарынан пайда болған із қалай аталады?

1. беткі қабатты
2. көлемді
3. жазық із
4. динамикалық
5. перифериялық

117. Доға тәріздес өрнекте қанша дельта бар?

1. бір
2. екі
3. біреу де жоқ
4. үш
5. үшеуден көп

118. Ілмек тәріздес өрнекте қанша дельта бар?

1. екі
2. бір
3. біреуі де жоқ
4. үш
5. үшеуден көп

119. Папиллярлы өрнектегі ілмектің бас жағы кішкентай саусаққа қарай қараған жағдайда қалай аталады?

1. радиалды
2. ульнарлы
3. үлкен (большевым)
4. ракетка -ілмек
5. спираль-улитка

120. Папиллярлы өрнек қай уақытта қалыптасады?

1. бір айлық мерзім ішінде
2. бір жасқа толғанда
3. адамның құрсақта жату кезінде
4. балалық шағында
5. ғұмыр бойы

121. Папиллярлы өрнектер екі және одан да көп дельталар болған жағдайда қалай аталады?

1. доға тәріздес
2. шеңбер тәріздес
3. ілмек тәріздес
4. ульнарлы - ілмек тәріздес
5. радиалды - ілмек тәріздес

122. Ілмектің басы үлкен саусаққа қараған папиллярлы өрнек қалай аталады?

1. радиалды
2. ульнарлы
3. атипті (атипичный)

4. домалақ - ілмек (петлей - клубком)
5. жай ілмек

123. Дара дөңгелекті автокөліктен қалған жол іздерінің ені қалай өлшенеді?

1. іздердің сыртқы шеттерінің ара қашықтығымен
2. іздердің орталық ара қашықтығымен
3. іздердің тысқы шеттерінің ара қашықтығымен
4. іздердің тысқы және ішкі шеттерінің ара қашықтығымен
5. іздердің ішкі шеттері мен орталықтарының ара қашықтығымен

124. Автомобиль базасы - бұл:

1. артқы оң және сол дөңгелек іздерінің ортаңғы сызықтарының ара-қашықтығы
2. алдыңғы және артқы дөңгелек остерінің ара-қашықтығы
3. артқы қосарланған дөңгелек саңылауларының ара-қашықтығы
4. артқы дөңгелектің сыртқы іздерінің шеткі жақтарының аралығы
5. автокөлік шанағының (кузов) алдыңғы және артқы қалқасының (свес) аралығы

125. Автокөлікті идентификациялауға болатын іздерді көрсетіңіз:

1. автокөлікке тиелген сусымалы жүк
2. асфальтқа төгілген май
3. топырақ жолдағы тежеу
4. батпаққа түскен протектордың ізі
5. жолдың беткі қабатындағы сұйықтың ізі

126. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатады:

1. қан тамшысы
2. талшықтар
3. бытыра
4. мөр таңбасы
5. бұзу құралдарының іздері

127. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатады:

1. адамның иісі
2. аяқ киімнің ізі
3. есірткі
4. топырақтың бөлшектері
5. қолтаңба

128. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатады:

1. клише
2. адамның сыртқы келбеті
3. мәтін
4. адамның тісінің іздері
5. жарылыс құрылғылар

129. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатады:

1. протекторлардың іздері
2. негізгі және қосымша іздер
3. қанжар
4. көлік бояуларының бөлшектері
5. құжат бланкілері

130. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатады:

1. талшықтар
2. ағаш қоспасының бөлшектері
3. тығын
4. аяқтардың іздері
5. аяқ киімнің табанындағы топырақ пен өсімдіктердің бөлшектері

131. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатпайды:

1. қолдың іздері
2. бұзу құралдарының іздері
3. дөңгелектің іздері
4. аяқтардың іздері
5. аяқ киімнің табанындағы топырақ пен өсімдіктердің бөлшектері

132. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық іздердің жүйесіне жатпайды:

1. перифериялық із
2. із - штанцмарка
3. локалды із
4. көлемді із
5. беткі қабатты із

133. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық іздердің жүйесіне жатпайды:

1. динамикалық із
2. статикалық із
3. көрінетін із
4. көрінбейтін із
5. негізгі, қосымша іздер

134. Төмендегілердің қайсысын трасологияның ғылыми негіздері деп қарастырылады:

1. материалдық объектілердің жекелілігі
2. салыстырмалы - материалдық объектілердің тұрақтылығы
3. объектілердің сыртқы құрлысының жекелілігі мен салыстырмалы тұрақтылығы
4. материалдық объектілердің жекелілігі мен салыстырмалы тұрақтылығы
5. материалдық объектілердің өзгерушілігі

135. Қара түсті үстел үстіндегі қол іздерін табуға болады:

1. гипспен
2. AL ұнтақтарымен
3. Fe ұнтақтарымен
4. H₂O₂ химикатымен
5. пластилинмен

136. Ақ түсті үстел үстіндегі қол іздерін табуға болады:

1. люминалмен
2. гипспен
3. AL ұнтақтарымен
4. Fe ұнтақтарымен
5. H₂O₂ химикатымен

137. Есіктегі бұзу іздері алынады:

1. дактилоұнтақтармен
2. дактилопланкамен

61

3. гипспен
4. пластилинмен
5. нингидринмен

138. Гипспен қандай іздер алынады?

1. ленолиум үстіндегі іздер
2. кілем үстіндегі іздер
3. жәбірленушінің киімінің үстіндегі іздер
4. тротуардағы іздер
5. жердегі іздер

139. Нингидрин химикатымен қандай іздер алынады?

1. тістің іздері
2. аяқ киімнің іздері
3. саусақтардың іздері
4. жануарлардың іздері
5. протектордың іздері

140. Дактилоұнтақтар арқылы қандай іздер табылуы мүмкін:

1. тістің іздері
2. сілекейдің іздері
3. майдың дақтары
4. саусақтардың іздері
5. қанның дақтары

141. Қардың үстіндегі протектордың ізін алуға болады:

1. дактилокартамен
2. гипспен
3. пластилинмен
4. фотоқағазбен
5. перхлорвимиленкамен

142. Бұзу құралдары мен құрал - жабдықтардың іздеріне тағайындалған сараптама кезіндегі қандай жағдайлар анықталуға жатпайды?

1. іздер құралдардың қандай түрімен қалдырылған
2. бұзу бір немесе бірнеше бұзу құралымен жасалған
3. нақты бұзуды жүзеге асыру үшін кеткен ең аз уақыт
4. із қалдырушы құралдар қай жерде қолданылады
5. құралдардың көлемі мен пішіні қандай

143. Қандай мәселе сот - баллистикасымен шешілмейді?

1. қару жарамды ма
2. қару оқталған ба
3. зат атыс қаруына жата ма
4. зат суық қаруға жата ма
5. қару қолдан жасалған ба

144. Қандай мәселе сот - баллистикасымен шешілмейді?

1. қай жерде гильза, оқ болуы мүмкін
2. қылмыскер неше рет атқан
3. тығын сезіктіден алынған қағаздан жасалған ба
4. қағаздың сорты, маркасы қандай

5. атқанды кім естуі мүмкін

145. Қылмыстық тіркеудің негізгі мақсаты - бұл:

1. жалған ақшаны жасаған құралдарды идентификациялау
2. куәларды іздеу
3. жәбірленушінің мінез - құлқын зерттеу
4. сезіктінің бұрын сотталғанын анықтау
5. құлыпты қандай құралмен бұзғанын анықтау

146. Қандай мәселе сот - баллистикасымен шешілмейді?

1. қай жақтан атқан
2. ату қашықтығы қандай
3. жәбірленушіге неше рет атқан
4. сезіктінің қолында қосымша іздер бар ма
5. жәбірленушінің денесінде қандай өліктік құбылыстар бар

147. Қандай мәселелер сот - баллистикасы негізінде шешілуге жатпайды:

1. оқ – дәрі қарудың қай түріне және үлгісіне арналған
2. қолдан жасалған картель осы қорғасын бөлігінен жасалған ба
3. аңшы мылтығын бұл оқтармен кім оқтаған
4. аңшы мылтығындағы оқтар осы құралдармен оқталған ба
5. ату қашықтығы қандай

148. Аңшы мылтығы оқпанының үлкен диаметрі қандай калибрге жатады?

1. 20
2. 16
3. 12
4. 32
5. 28

149. Қандай сот - баллистикалық объектілер - (оболоченный) қабықты, жартылай қабықты және қабықсыз болып бөлінеді:

1. гильза
2. оқ
3. бытыра
4. картель
5. тығын

150. Аңшы мылтығының калибрі 12, 16, 20 және басқа немен белгіленеді:

1. оқпан каналының ішкі диаметрі миллиметрмен
2. қорғасынның бір фунтынан дайындауға болатын шар тәрізді оқтардың санымен
3. анықталған салмақтағы шар тәріздес оқтардың диаметрімен
4. шар тәрізді оқтардың анықталған диаметріндегі салмақпен
5. оқпанның сыртқы диаметрімен

151. Картель деп аталады:

1. диаметрі 7 мм. ден кем бытыра
2. диаметрі 3 мм. ден артық бытыра
3. диаметрі 5 мм.ден артық бытыра
4. кез-келген диаметрлі қолдан жасалған бытыра
5. диаметрі 10 мм. ден артық бытыра

152. Тығын төмендегі қай оқтардың міндетті элементі болып табылады:

1. барлық оқтардың
2. тапаншаға арналған
3. аңшы мылтығына арналған патрондарда
4. ескірген жүйедегі револьверлерге арналған
5. иір оқты қаруға арналған

153. Сот баллистикасының объектісіне жатпайды:

1. атыс қаруы
2. оқ дәрі
3. гильза
4. ату іздері
5. суық қару

154. Сот баллистикасының объектісіне жатпайды:

1. патрон
2. тығын
3. кастет
4. қосымша іздер
5. ойықтардың іздері

155. Сот баллистикасының объектісіне жатпайды:

1. бытыра, картель
2. оқ
3. күйенің қалдықтары
4. жарықтанғыштың іздері
5. тапанша

156. Сот баллистикасының объектісіне жатпайды:

1. атиптік атыс қаруы
2. шегеден жасалған бытыра
3. негізгі іздер (рикошет, тесіктер)
4. жанармай материалдары
5. гильза

157. Сот баллистикасының объектісіне жатпайды:

1. қосымша (майлау) іздері
2. капсуль
3. талшықтар
4. мылтық
5. бытыра бөлшектері

158. Штанцмарка - бұл:

1. заводтан шыққан қарудың белгісі
2. оқтың тесіп өткен жерін сүйкеп өту іздері
3. тақап атқанда қару оқпанынан қалған бөгеттегі із
4. заводтан шыққан гильзаның түбіндегі белгісі
5. жақыннан ату іздері

159. Оқиға болған жерде атылған оқтар мен гильзаларды зерттеу арқылы анықтауға болады:

1. қарудың нақты данасын

61

2. қарудың түрі мен жүйесін
3. атқан адамды идентификациялауды
4. адамның атқан сәттегі қалпын
5. атудың бағытын

160. Оқ тиген бөгеттегі оқтың негізгі іздерін көрсетіңіз:

1. атылған оқ арқылы түскен тесік, ойық
2. күйенің қалдықтары, шөгінділері
3. оқтың екпіні арқылы қалған шаппа іздері
4. күйік іздері
5. майлау іздері

161. Иір оқпанды қарудың калибрі арқылы анықталатын ара қашықтық - бұл:

1. қарама - қарсы кесудің ортасы
2. көршілес кесудегі аралық
3. қарама - қарсы жазықтықты кесудегі аралық
4. көршілес жазықтықты кесудегі аралық
5. оқпанның сыртқы диаметрі

162. Жазудағы үйреншікті жылдамдық пен қозғалыс координациясы сипаттайды:

1. қолжазбаның қисайып жазылуын
2. қолжазбаның байланыстылығын
3. қолжазбаның күрделілігін
4. қолжазбаның қалыптасқандығын
5. қолжазбаның оңайлатылынуын

163. Жеке қолжазбаны орындау кезіндегі қозғалыстың бағыты, күрделілігі, нысаны қандай белгілерге жатады?

1. жазба тілдік белгілеріне
2. қозғалыстың кеңістік бағдарын сипаттайтын қолжазудың жалпы белгілеріне
3. қозғалыстың құрылысы, олардың траекториясы бойынша сипаттайтын қолжазудың жалпы белгілеріне
4. қолжазудың жеке белгілеріне
5. баспа белгілеріне

164. Әріптің ені мен арақашықтығының биіктігіне қатынасы немен анықталады?

1. қолжазудың байланыстылығымен
2. қолжазудың мөлшерімен
3. қолжазудың екпінділігімен
4. қолжазудың күрделілігімен
5. қолжазудың оңайлатылынуымен

165. Қолжазба сарапшысының құзыретіне қандай сұрақтарды шешу жатады:

1. шығын ордеріндегі "алдым" графасындағы қойылған қол Ивановтың қолын жалған қою арқылы орындалған жоқ па?
2. машинкамен басылған баяндау хат мәтіннің авторы Иванов болып табылмай ма?
3. баяндау хатында интеллектуалдық жалғандық жоқ па?
4. хат мәтіні Ивановпен немесе басқа адаммен орындалған ба?
5. қай тіл автор үшін екінші тіл болып табылады?

166. Жазу тілінің белгілері ненің ерекшеліктерін көрсетпейді?

1. сауаттылықтың

61

2. лексиканың
3. қозғалу дағдылығының
4. баяндау стилінің (сөз саптауының)
5. кәсіпкерлік дағдысының

167. Қолжазбаның қалыптасу дәрежесін және сипатын көрсететін қолжазу белгілерін атаңыз:

1. қолжазудың қалыптасқандығы
2. қолжазудың екпінділігі
3. қолжазу көлемі
4. жол сызығының бағыты
5. қолжазудың қисаюы

168. Қолжазбаның жеке белгілерін атаңыз:

1. жол үсті элементтерін орындау кезіндегі қозғалыс нысандары
2. қолжазу жолы интервалының арақашықтығы
3. жол сызығының бағыты
4. қолжазбаны орындау кезіндегі қозғалыс үйлесімділігі
5. қолжазбаның байланыстылығы

169. Салыстырмалы зерттеулер үшін тергеу және сот органдарының тапсырмасы бойынша орындалған қолжазбалар қалай аталады?

1. шартты - еркін үлгі
2. эксперименталды үлгі
3. шартты үлгі
4. еркін үлгі
5. эксперименталды - еркін үлгі

170. Қылмыстық іс қозғауға дейін орындалған қолжазба мәтіндерінің үлгілері қалай аталады?

1. эксперименталды
2. шартты
3. еркін
4. шартты еркін
5. эксперименталды еркін

171. Қолжазбаның жеке дағдысының қалыптасуына әсер ететін объективті сипаттағы жағдайды атаңыз:

1. көру ерекшеліктері
2. қолжазба белгісін қабылдау
3. хат жазу кезіндегі жазушының үйреншікті отырыс қалпы
4. сананың бақылау қызметі
5. қолжазбаның белгілері

172. Адамның қолжазбаға дағдыланып, қалыптасуына әсер ететін субъективті сипаттағы факторлар:

1. қолжазбаға үйрету әдістемесі
2. қолжазбаны үйренудегі зейінділігі
3. үйрену кезіндегі жағдайлар
4. жазу құралының ерекшелігі
5. мәтінді жазуда қолжазудың ерекшелігі

173. Жазатын адамның әдеттегі қолжазба екпінін сақтай отырып, жазу құралын қағаз бетінен үзбестен әріптің белгілі мөлшерін жазу мүмкіндігін не сипаттайды?

1. қолжазудың екпіні
2. қолжазудың мөлшері
3. қолжазудың байланыстылығы
4. қолжазудың күрделілігі
5. қолжазудың қарапайымдылығы

174. Қолтаңба танушы сарапшы нені анықтау керек:

1. құжаттардың реквизиттерінің болуын және сәйкестігін
2. екі құжаттағы мәтін бір принтермен орындалды ма
3. қол қою, қолтаңба жазуларының бір адаммен орындалуын
4. арнайы химиялық қосындылармен өңделуін немесе өңделмеуін
5. қолжазба мәтінінің авторын

175. Құжаттарды техника - криминалистикалық зерттеу объектісіне жатпайды:

1. типографиялық әдіспен орындалған құжаттар
2. машинкамен басылған құжаттар
3. қолтаңбалар
4. жанған құжаттар
5. көбейту техникасы арқылы орындалынған құжаттар

176. Техникалық жалған қол қоюға тән емес:

1. жазу үлгісінде әшекейлеп көркемдеудің болмауы
2. сызықтың астындағы қойылған қолда көшірме қағазы бөлігі бояуының болуы
3. көшіру қағазы мен қол қоюдың штрихы бояғыштарының өзара сәйкес келмеуі және қағазда бастырып жазу іздерінің болуы
4. бастырып жазу іздерінің транскрипциямен сәйкес келмеуі
5. бастырып жазу іздерінің транскрипциямен сәйкес келуі

177. Машинкамен басылған мәтіндердің жеке белгілерін атаңыз:

1. шрифт маркасы
2. басты механизмінің қадамы
3. белгілердің тік сызық бойынша қозғалуы
4. ара қашықтық көлемі
5. жазу көлемі

178. Сарапшы қол қоюдың алдын - ала қарындашпен дайындап көшіру арқылы орындалғандығы туралы қорытынды берді. Қандай зерттеу жүргізу керек?

1. идентификациялық
2. қай топқа жататындығын анықтау бойынша
3. диагностикалық
4. классификациялық
5. ситуациялық

179. Сарапшы зерттелінген мәтіннің "оптима" жазу машинкасында орындалғандығы туралы қорытынды берді. Бұл зерттеу:

1. қай топқа жататындығын анықтау бойынша
2. тепе - теңдікті анықтау арқылы
3. ұқсастығын анықтау арқылы
4. идентификациялық
5. ситуациялық

180. Сарапшы анықтамадағы мөр таңбасын Исаковтан алынған мөрмен қойылғандығын анықтады, қандай зерттеу жүргізіледі?

1. диагностикалық
2. қай топқа жататындығын анықтау бойынша
3. идентификациялық
4. классификациялық
5. ситуациялық

181. Жалған құжаттарды жасау кезіндегі шынайы мөр таңбасын көшіруге қандай белгілер тән емес?

1. таңба штрихтары бояуының түссіздігі
2. таңба штрихтары бояуларының жайылуы
3. өтпелі қалыптың микро бөліктерінің болуы
4. таңбада бедерліктің болмауы
5. таңбада бедерліктің болуы.

182. Сарапшы құжат мәтіні екі әртүрлі жазу машинкамен орындалғаны туралы қорытынды берді. Бұл зерттеу:

1. қай топқа жататындығын анықтау арқылы
2. ұқсастықты анықтау
3. классификациялық
4. диагностикалық
5. ситуациялық

183. Сарапшы зерттелінетін екі құжаттың бір жазу машинкасымен орындалғаны туралы қорытынды берді. Бұл зерттеу:

1. диагностикалық
2. қай топқа жататындығын анықтау арқылы
3. идентификациялық
4. классификациялық
5. ситуациялық

184. Арнайы химикатпен өңдеуге қандай белгілер тән емес?

1. қағаздың люминесценция түсінің әртүрлілігі
2. шамалы аумақтағы қағаз қалыңдығының жұқаруы
3. жазу белгілері элементтерінің бояғыш түсінің өзгеруі
4. сары және сұрғыш дақтар
5. сәуле жүйектерінің болуы (ореол)

185. Құжаттарды техника - криминалистикалық зерттеу кезінде қолданатын химиялық әдістерді атаңыз:

1. диффузиялық –көшірме әдісі
2. атомды - эмиссионды спектрлік талдау
3. өтуші жарықта суретке түсіру
4. электронды микроскопия әдісі
5. хроматография

186. Құжаттарды техника - криминалистикалық зерттеу кезіндегі физикалық әдістерді атаңыз:

1. жұқа қабатты хроматография
2. жарықтық микроскопия

3. тамшылық талдау
4. ылғалды көшірме әдісі
5. гидролизді талдау

187. Полиграфиялық құралдар көмегімен жалған құжат бланктерін жасау әдістерін көрсетіңіз:

1. ротапринттік мөр
2. фотографиялық әдіс
3. көшіру арқылы
4. ылғалды көшіру әдісі
5. сурет салу

188. Криминалистикалық габитоскопия зерттейтін адамның сырт келбетінің белгілерін анықтайтын дұрыс терминді көрсетіңіз:

1. адамның сыртқы белгілері
2. адамның сыртқы келбетінің белгілері
3. сыртқы келбетінің адамдық белгілері
4. адамдық келбеттің белгілері
5. адамның сыртқы келбетінің ерекшелігі белгілері

189. Адамның сыртқы келбетіндегі дене мен бастың үйреншікті жағдайы (дағдылы жағдайы):

1. жүріс-тұрыс (мінез-құлық) манерасы
2. дене сымбаты
3. жүрісі
4. дене бітімі
5. отырысы

190. Адамның сыртқы келбеті туралы ақпараттың субъективті қайнар көздері болып табылады:

1. шығармашылық сурет
2. фотосуреттер
3. рентгенограммалар
4. сүйек
5. дактилокарта

191. Адамды идентификациялау мақсатында сыртқы келбетін суреттеу жүйесі - бұл:

1. криминалистикалық габитология
2. криминалистикалық есепке алу
3. ауызша суреттеу
4. композициялық суреттеу
5. салынған сурет

192. Адамның сыртқы келбетінің анатомиялық белгілерін атаңыз:

1. ер адамның түрі шамамен 40 - 45 жаста
2. бет пішінің тік бұрыштылығы және келбетінің ірі белгілері
3. тырсылдатып жүру
4. тұтығу
5. беттегі тыртықтың болуы

193. Криминалистикалық габитоскопия ережелері қолданылады:

1. қылмыс субъектілерінің жеке басын тексеру кезінде

2. тінту жүргізуде
3. тергеу экспериментінде
4. айыптау қорытындысын жасауда
5. жауап алуда

194. Келесі көрсетілген белгілердің ішінен адамның сыртқы келбетінің жалғаспалы белгілерін көрсетіңіз:

1. 30 - 35 жастағы ер адам
2. сыртқы түрінің кавказ типтілігі
3. бойы шамамен 180 - 185 см., кең иықты
4. басында сұр түсті фетр қалпағы бар
5. оң аяғын сылтып басуы

195. Статикадағы адамның дене бөлшектерінің өзара жағдайы мен бет элементтерін сипаттайтын белгілеріне жатады:

1. нәсілдік - этникалық
2. анатомиялық
3. функционалдық
4. жалғаспалы
5. антропологиялық

196. Жеке басы анықталған адамның өлігін қарау кезінде анықтауға жатпайтын жағдайларды көрсетіңіз:

1. өліктің қалпы
2. киімнің, аяқ киімнің жағдайын
3. өліктің жатқан жерін
4. өлік денесіндегі жарақат сипаты
5. сыртқы келбетінің белгілері

197. Төменде көрсетілгендердің қайсысы криминалистикалық тіркеуге жатпайды:

1. сотталған адамдар
2. хабар - ошарсыз кеткендер
3. жеке басы анықталмағандар
4. ауыру адамдар
5. есірткі шегушілер

198. Негізгі дактилоскопиялық формулада қандай папиллярлы өрнектер есепке алынады?

1. доға тәріздес
2. шеңбер тәріздес
3. ілмек тәріздес
4. ілмек - ульнарлы тәріздес
5. радиалды - ілмек тәріздес

199. Криминалистикалық тіркеу көмегімен объектілерді теңдестіруге жатады:

1. идентификацияның процесуалдық нысаны
2. идентификацияның процесуалдық емес нысаны
3. идентификацияның сараптамалық нысаны
4. идентификацияның тергеу нысаны
5. жедел - іздестіру әрекеті

200. Дактилоформуланың негізгі бөлігін есептеп шығаруда папиллярлық өрнектің түрі есепке алынады:

1. доға тәріздес
2. шеңбер тәріздес
3. ілмек тәріздес
4. жалған шеңберлі
5. петля-улитка

201. Қосымша дактилоскопиялық формулаларды шығарғанда қандай папиллярлы өрнектер есепке алынады?

1. доға тәріздес
2. ультнарлы ілмек тәрізді
3. радиалды ілмек тәрізді
4. шеңбер тәріздес
5. барлық папиллярлы өрнектер

202. Криминалистикалық тактика жиынтығын құрайтын негізгі санатты атаңыз:

1. тергеу жағдайы
2. тактикалық комбинация
3. тактикалық шешім
4. тактикалық әдіс
5. психологиялық әсер ету әдісі

203. Криминалистикалық тактиканың салаларын атаңыз:

1. сот фотографиясы
2. сот экспертизасын тағайындау және өткізу
3. іздер туралы криминалистикалық ілім
4. қылмыстық тіркеу
5. сот баллистикасы

204. Криминалистикалық тактиканың құрамына жатпайды:

1. криминалистикалық идентификация және диагностика
2. жауап алу тактикасы
3. тінтудің тактикасы
4. тергеу эксперименті тактикасы
5. оқиға болған жерді қарау тактикасы

205. Төмендегілердің қайсысы криминалистикалық тактика ұғымына жатпайды:

1. тактикалық тәсіл
2. тактикалық ұсыныс
3. тактикалық операция
4. тергеу ситуациясы
5. тергеудің кезеңдері

206. Криминалистика ғылымының бөлімі болып табылатын криминалистикалық тактиканың мазмұнына жатпайтын ғылыми санаттарды белгілеңіз:

1. тактикалық комбинация
2. тактикалық шешім
3. психологиялық айла – тәсілдер
4. криминалистік сипаттама
5. тергеудің айла әдістері

207. Тергеу тактикасы дегеніміз бұл:

1. қылмысты тергеуді шапшаң, толық және объективті түрде жүргізуді толық қамтамасыз ететін, тергеуді мақсатты және жоспарлы жүргізудің тактикалық әдіс - тәсілдер жүйесін құрайтын криминалистиканың жеке бөлімі
2. тергеу әрекетін жүргізудің тактикасын оқып үйрететін криминалистика бөлімі
3. қылмысты тергеу әдістемесі бөлімі
4. ғылыми техникалық құралдарды қолданып, қылмысты тергеудің әдістері және құралдары
5. тергеу әрекеттерін жүргізген кезде дыбыс және бейне таспаларды қолданудың әдіс –тәсілдері

208. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағлау және пайдалану кезіндегі тиімді әрекеттер мен әдіс – тәсілдер және оларды жүзеге асырғанда дұрыс көзқарасты ұстану:

1. техника – криминалистикалық құралдар
2. арнайы криминалистикалық ұсыныс
3. тактикалық тәсіл
4. криминалистикалық техника
5. тактикалық шешім

209. Нақты объектілерді зерттеудегі ұсыныс есебінде қолданылатын белгілі әдістер жүйесі:

1. криминалистикалық әдістеме
2. тактикалық операция
3. зерттеу әдісі
4. арнайы криминалистикалық ұсыныс
5. тактикалық шешім

210. Криминалистикалық тактиканың салаларын атаңыз:

1. сот фотографиясы
2. сот сараптамасын тағайындау және өткізу
3. іздер туралы криминалистикалық ілім
4. қылмыстық тіркеу
5. сот баллистикасы

211. Тергеу ситуацияларына тән емес сипаттамаларды атаңыз:

1. ақпараттық санат
2. өзгермелі санат
3. қылмыс түріне тән
4. жекелеген қылмыстарға тән
5. тергеу әрекеттеріне тән

212. Тергеушінің ақыл – парасаттылық және ерікті актісінің мазмұнын көрсетеді:

1. тергеу ситуациясы
2. тактикалық операция
3. тактикалық комбинация
4. тактикалық шешім
5. тактикалық ұсыныс

213. Алдын - ала жауап алудан туындайтын қажетті тергеу әрекетін көрсетіңіз:

1. құжаттарды қарау
2. оқиға болған жерді қарау
3. қолжазба сараптамасын тағайындау
4. танытуды жүргізу

5. тінту

214. Тергеуді бригадалық әдіспен жүргізген кезде тергеудің жоспарын кім жасайды?

1. Тергеудің жалпы жоспарын прокурор
2. тергеу бөлімінің бастығы
3. топтың жетекшісі
4. тергеуші
5. қорғаушы

215. Тергеу тактикасынан шыққан тергеу болжамдарын тексерудің қолайлы тәртібін атаңыз:

1. болжамдар ретімен тексеріледі
2. алғашында жалпы болжаулар тексеріледі
3. ең алдымен мүмкін болатын болжамдар тексеріледі
4. болжамдар қатар тексеріледі
5. алғашында жеке болжамдар тексеріледі

216. Тактикалық әдістерді қолдануға байланысты ғылыми негізделінген кеңестерді атаңыз:

1. тергеу жағдайы
2. тактикалық ұсыныс
3. тактикалық шешім
4. тактикалық комбинация
5. криминалистикалық сипаттама

217. Төмендегі көрсетілген ережелердің ішінен тергеу қарауына тән элементті көрсетіңіз:

1. зерттелетін объектілерге қисынды баға беру
2. материалдық жағдайды тергеушінің тікелей қабылдауы
3. тергелетін оқиға жағдайларын талдау және бекіту
4. берілген көрсетулерден ақпарат алу
5. ойдағы бейнемен теңдестіру

218. Оқиға болған жерді қарау барысында қандай мәселе шешілуге жатпайды:

1. оқиға механизмін анықтау
2. қылмыс іздерін табу
3. қылмыскердің ізіне түсу кезіндегі қолданылатын іздестіру шараларын ұйымдастыру
4. болжау жасау үшін ақпарат алу
5. іздерді алу

219. Оқиға болған жерді қарау нәтижесіне шешімді түрде әсер ететін жағдайды атаңыз:

1. метеорологиялық жағдайдың өзгеруі
2. оқиға болған жерде әуесқой адамдар тобының болуы
3. қарауға жататын объектілердің көптігі
4. ғылыми-техникалық құралдардың болмауы
5. қарау жүргізуші топтың жетіспеушілігі

220. Оқиға болған жерде мәйіттің болуына байланысты тергеуші, топ құрамына міндетті түрде кіргізеді:

1. криминалист-маманды
2. қару – жарақ сарапшысын
3. сот-медицина сарапшысын
4. участковыйды

5. прокурорды

221. Оқиға болған жерде бұзу құралы іздерін және басқа да іздерді бекітумен айналасуы керек:

1. криминалист-маман
2. участковый
3. тергеуші
4. куәгерлер
5. сот-медициналық сарапшы

222. Оқиға болған жерде тергеуші оқиғаны көзімен көргендерді іздеп табуды қатысушылардың қайсысына тапсырады:

1. криминалист-маманға
2. куәгерлерге
3. жедел-ізвестірушілерге
4. кинологқа
5. прокурорға

223. Оқиға болған жерді қарау жүргізу кезінде тәртіпті сақтау қатысушылардың қайсысына тапсырылады:

1. криминалист - маманға
2. жедел - ізвестірушіге
3. патруль қызметкерлеріне
4. участковыйға
5. прокурорға

224. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін кім түсіндіреді?

1. прокурор
2. тергеуші
3. участковый
4. жедел - ізвестіруші
5. қорғаушы

225. Төмендегі көрсетілген ұсыныстардың қайсысы қараудың тактикасына жатады:

1. әрекетті кенеттен, тосыннан жүргізу
2. жасырудың психологиялық себептерін ескеру
3. жүргізудің құпияларын сақтау
4. қылмыскердің жекелей бабын табу
5. өз уақытында және кейінге қалдырмай жүргізу

226. Төмендегі көрсетілген ұсыныстардың қайсысы қараудың тактикасына жатпайды?

1. кешіктірмей жүргізу
2. кезең - кезеңмен жүргізу
3. криминалистік техниканың талабын сақтау
4. техникалық құралдарды қолдану
5. психологиялық жағдайларды ескеру

227. Оқиға болған жерді қарауға шыққанға дейінгі тән емес әрекетті көрсетіңіз:

1. түскен хабарды нақтылау
2. оқиға болған жерді күзету шараларын қолданғанын анықтау
3. хабарлаушыдан сұрау алу
4. топтың құрамын анықтау

5. техникалық құралдардың қажеттілігін анықтау

228. Оқиға болған жерді қарауға келгеннен кейінгі тән емес әрекетті көрсетіңіз:

1. полиция қызметкерлерінің баянхатын тыңдау
2. хабарлаушыдан қысқаша сұрастыру
3. куәгерлерді алып келу туралы тапсырма беру
4. оқиға болған жерді үстіртін қарап шығу, оның шекарасын анықтау
5. іздерді бөлшектеп түсіру

229. Тінтудің оқиға болған жерді қараудан қандай айырмашылығы бар?

1. мамандардың қатысуы
2. куәлердің қатысуы
3. табылған объектілерді бекітудің тәсілі
4. объектілерді мәжбүрлі зерттеу
5. заттай дәлелдемелерді табу, бекіту, алу

230. Қылмыспен байланысты материалдық жағдайды тікелей қабылдайтын тергеушінің әрекеті қандай?

1. жауап алу
2. алу
3. ұстау
4. тергеу эксперименті
5. оқиға болған жерді қарау

231. Төменде көрсетілген тәсілдердің ішінен тергеу қарауының ерекшелігін атаңыз:

1. талдау, бекіту
2. қайта құруды жасау
3. бірнеше рет қайталау
4. бейнелеу
5. тікелей қабылдау

232. Тінту - ол:

1. іздестіру әрекеті
2. кейінге қалдырмайтын әрекет
3. ауыстыруға болмайтын әрекет
4. ауызша жүргізілетін әрекет
5. мәжбүрлі түрде жүргізілетін тергеу әрекеті

233. Тінтудің мақсатына төмендегілердің қайсысы жатпайды:

1. жасырын жүрген қылмыскерді табу
2. мәйіттің бөлшектерін табу
3. азаматтық айналымнан алынған заттарды табу
4. қылмыстың қаруын табу
5. белгілі бір құбылысты қабылдауға бола ма, жоқ па

234. Тінтудің мақсатына төмендегілердің қайсысы жатпайды

1. ұрланған заттарды табу
2. сезіктінің аяқ киімін табу
3. қылмыспен байланысты құжаттарды табу
4. қылмыспен байланысты құралдарды табу
5. сезіктінің кәсіби дағдылары бар ма

235. Тінту қайда жүргізілмейді?

1. үй - жайда
2. ешкімнің иелігіне жатпайтын ашық жерлерде
3. көлік құралдарында
4. саяжай учаскелерінде
5. үй жанындағы учаскеге

236. Тінту барысы кезінде қандай психологиялық әдіс дұрыс бағыт алуға көмектеседі:

1. бағалы заттардың шығу тегі жөнінде жауап алу
2. тінтіліп отырған адамның көңіл-күйін назардан тыс қалдырмай бақылау
3. сыртқы күзетті ұйымдастыру
4. техникалық құралдарды қолдану
5. сұрақты болжау арқылы қою

237. Тұрғын жайларды, аймақты және жеке адамдарды, қылмыс құралдарының іздерін және осы өзге де іске маңызы бар заттарды іздеп табу және алу мақсатында күштеп іске керекті дәлелдемелерді алу әрекеті қалай аталады?

1. тергеу қарауы
2. тінту
3. зат алу
4. ұстау
5. дәлелдемелерді оқиға болған жерді қарау арқылы алу

238. Ет комбинаты қоймасынан дайын өнімнің үлгісін алуды жүзеге асыруға прокурордың санкциясы қажет пе?

1. кей кезде керек
2. ия
3. жоқ
4. күзет бастығының рұқсатымен
5. екі жақтың келісімі бойынша

239. Петровтың үйіне тінту жүргізу кезінде, оның көршісі Якушевтің үйіне де тінту жүргізу қажеттігі туды. Прокурордың санкциясынсыз тергеуші қаулы шығарды да, Якушевтің пәтеріне тінту жүргізді. Тергеушінің ісі дұрыс па?

1. дұрыс
2. дұрыс емес
3. кей кезде қажет
4. тек қана жанұя мүшелерінің келісімі бойынша
5. тек қана тергеу бөлімінің басшысының келісімі бойынша

240. Іс үшін маңызы бар мән - жайлар туралы түсініктер мен көрсетулер алу үшін жүргізілетін тергеу әрекеті қалай аталады?

1. жауапты оқиға болған жерде тексеру
2. жауап алу
3. сараптама тағайындау
4. тінту
5. тергеу эксперименті

241. Жәбірленушінің арызын қабылдағаннан кейін қандай алғашқы тергеу әрекеті жүргізіледі?

1. сот сараптамасын тағайындау
2. оқиға болған жерді қарау

3. жәбірленушіден жауап алу
4. көзімен көргендерді, куәларды іздестіру және олардан жауап алу
5. таныту

242. Танытуға көрсетудің тактикасына жатпайды:

1. тануды кезең-кезеңмен жүргізу
2. танушыдан жауап алынады
3. екі дублердің ұқсас болуы (объектінің танылатын объектіге)
4. әрекеттің орнын, уақытын анықтау
5. әрекетті бірнеше рет қайталау

243. Тергеу эксперименті дегеніміз не?

1. айғақты заттарды іздеу
2. сезіктінің жеке басын анықтау
3. тәжірибелі әрекеттер
4. көрсетпелер алу
5. қылмыстың жасалу жағдайының реконструкциясы

244. Тергеу экспериментін жүргізу кезінде көзімен көрушілер мен жәбірленушілер қандай роль атқарады:

1. психологиялық жағдай (фон)
2. қорытындыларды бағалау
3. қайта құруға көмек көрсету
4. эксперименттің фактісін куәландыру
5. эксперименттің қорытындыларын бекіту

245. Маманды тергеу экспериментіне қатыстырудың қажеттілігін қандай себептер анықтайды:

1. қылмыстық әрекетті саралау
2. жәбірленушінің талап етуі
3. тактикалық ойлау
4. арнайы білімінің қажеттілігі
5. барлық жағдайда қатысуы міндеттілігі

246. Қандай мәселені шешуге байланысты тергеу эксперименті жүргізілуі мүмкін емес:

1. бейнежазбаны осы тесік арқылы беруге бола ма
2. шапаның (след бойка) ізі бойынша тапаншаны идентификациялауға бола ма
3. теңгелік ақшаның суретін Петровтың өзі салуы мүмкін бе
4. осы құрылымды тапаншаны Петровтың өзі қолдан жасауы мүмкін бе
5. бөлмеде отырып атылған мылтықтың даусын естуге бола ма

247. Тергеу экспериментінің көмегімен шешілмейтін жағдайларды көрсетіңіз:

1. қандайда бір фактілер мен құбылыстардың болу мүмкіндігі
2. іздердің пайда болу механизмі
3. әрекеттер жасау мүмкіндігі
4. техникалық құралдарды идентификациялау мүмкіндігі
5. кәсіби дағдысының болуы

248. Қандай тергеу экспериментінде көрсетпелері тексерілетін тұлғаның қатысуы міндетті емес:

1. құбылыстардың болу мүмкіндігі
2. құбылыстар мен мәліметтерді қабылдау мүмкіндігі

3. белгілі бір әрекеттерді жасау мүмкіндігі
4. кәсіби дағдысының болуы
5. функционалдық қасиеттерді анықтау

249. Тергеу экспериментінің қатысушыларына нұсқама бергенде ескерілмейтін факторлар:

1. процессуалдық жағдайы
2. әр қатысушының ролі
3. тәжірибелердің кезектілігі
4. жүргізілетін тәжірибе мақсатын модельдеу
5. тәжірибелі әрекеттерді модельдеу

250. Эксперименттің тактикалық талабы болып табылмайды:

1. бірнеше рет қайталап жүргізу
2. өзгерілген факторларды ескеру
3. міндетті шарттарды орындау
4. тәжірибелерді күрделенген жағдайларда жүргізу
5. психологиялық факторларды модельдеу

251. Эксперименттің дұрыстылығына әсер ететін негізгі жағдайды белгілеңіз:

1. тергеушінің өзіндік сенімділігі
2. жүргізу шарттары
3. сезіктінің қатысуы
4. көзімен көрушілердің, куәгерлердің қатысуы
5. жәбірленушінің қатысуы

252. Тергеу экспериментінің тактикалық ұсыныстарына жатпайды:

1. тәжірибенің жағдайы тексерілетін оқиғаға барынша сәйкес болуы керек
2. тәжірибені бірнеше рет қайталау керек
3. тәжірибені кезең-кезеңмен жүргізу керек
4. тәжірибеге қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей болу керек
5. көрсетулерде айтылған бағыт пен орны өздігімен көрсетіледі

253. Сараптама жүргізу кезінде сарапшы зерттеудің эксперименталды тәсілін пайдаланады. Ол не жүргізеді?

1. тергеу экспериментін
2. эксперттік эксперимент
3. жауаптарды нақтылау
4. қарау
5. зерттеу

254. Бөлме терезесінен көру немесе есту мүмкіндігін тексеру үшін жүргізілетін тергеу экспериментіне неше куәгер қатыстырылады?

1. біреу
2. үшеу
3. бесеу
4. төртеу
5. бесеуден көп

255. Тергеу эксперименті барысында тергеушінің ұсынысы бойынша айыпкер дүкен қабырғасындағы тесік арқылы бірнеше рет өтті. Дүкеннен ұрланған тауарларды ұрлау фактісін қалай бағалайсыз?

1. үйірейген жер арқылы ұрлау мүмкін
2. үйірейген жер арқылы ұрлау фактісі анықталған
3. ұрлау фактісі тек қана түнгі уақытта болуы мүмкін
4. үйірейген жер арқылы кіріп ұрлау мүмкін емес
5. ұрлау фактісі тек қана күндізгі уақытта болуы мүмкін

256. Төменде көрсетілген жағдайлардың қайсысы эксперименттің нәтижелеріне дұрыс баға береді?

1. қабылдау мүмкіндігін тексеру кезінде теріс қорытындылар фактілі мәліметтердің ролін атқарады
2. дұрыс нәтижелер оқиғаның шынайы механизмін куәландырады
